

Қалқаман батырды ескерсек



«Өткеннің өнегесі – бүгіннің баға жетпес байлығы»
Н.Назарбаевтың «Тарих толқындары» кітабынан.

Бұқар жыраудың әкесі Қалқаман (шамамен 1650-1714 жж.) Тәуке хан әскерінің бас сардары болған. Ол академик Әлкей Марғұланның айтуы бойынша қазіргі Павлодар облысындағы Ақсу қаласына қарасты Қалқаман тұзды көлінің маңында 1714 жылы қазақ-жоңғар соғысында опат болып, осы көлдің күншығыс жағалауына жерленген делінген. Содан кейін тұзды көл Қалқаман батырдың есімімен аталған. Бұл турасында орыстың императорлық географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің мүшесі Петр Алексеевич Золотов (1823-1879 жж.) Семипалатинск (қазіргі Семей) қаласында шығатын «Семипа-

латинские областные ведомости» деген газеттің 1875 жылғы №49-50 сандарында жарық көрген өзінің «Несколько слов о Калкамане» деген мақаласында: «К юго-западу от города Павлодара, по дороге в Каркаралинск, в виду первой почтовой станции находится озеро Калкаман, названное так в честь почетного в дни оны казаха, похороненного вблизи этого озера еще в пору независимости степных орд от России», - деп жазады. Бұдан алты жыл бұрын шілде айында С.Торайғыров атындағы



Павлодар мемлекеттік университеттің археологы В.К.Мерцтің қатысуымен Қалқаман көлінің күншығыс жағасынан жарты шақырымдай жерден Қалқаман батырдың бейіті іздестіріліп табылған

болатын-ды. Өкінішке қарай, бүгінде жоғарыда Золотовтың очеркінде айтылған Қалқаман батырдың мәйіті жатқан жерге саманнан салынған ескерткіш там 300 жыл шамасында

мүлдем құрып кеткен. Оның орнында бар болғаны Баянауылдың гранит тасынан орнатылған биіктігі 0,8 метр, ені 0,6 метр белгі ғана қалған.

Осы орайда ата-баба рухын ардақтайтын бүгінгі ұрпақтар Павлодар облыстық мәдениет басқармасы мен Бұқар жырау атындағы Павлодар облыстық әдебиет және өнер музейінің тікелей басшылығымен 2015 жылы Қалқаман батырдың туғанына 365 жыл толуына және Қазақ хандығының 550 жылдығына орай оның қабірінің үстіне қызыл кірпіштен күмбезді там немесе биіктігі 1,8 м гранит тастан ескерткіш орнатса деген тілек бар.

Серік ЖАҚСЫБАЕВ,
Екібастұз қаласының
Құрметті азаматы,
КСРО және Қазақстан
Журналистер
одағының мүшесі.